

Қамқоршылық кеңес

«Жалпы білім беретін №22 орта мектебі КММ» ҚК комиссиясы отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

«05» «қаңтар» 2018 жыл Томар ауылы

Қатысқандар: 30

Күн тәртібі:

1. «Жалпы білім беретін №22 орта мектебі» 2017-2018 оқу жылының I жарты жылдығында атқарған жұмыстарының есебі
2. Қайырымдылық көмектің жұмсалуды туралы есебі.

Тыңдалды:

А.К.Бекбосын (мектеп басшысы): «Жалпы білім беретін №22 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2017-2018 оқу жылының I жарты жылдығында атқарған жұмыстары, білім беру қызметін ұсыну сапасы жөнінде айтып өтті.

Т.Жумагулова: «Мектепке жол» акциясы бойынша көп балалы отбасы Төлеу Мақпалға киім-кешек берілді демеушілер арқылы. Жаңа жыл мерекесіне кейіпкерлердің киімдерін тіккізіп, ертеңгіліктерді өзіміз дайындап өткізу болатын. Жалпы комитеттер тарапынан қолдау алған осы жоспарымыз ойдағыдай орындалды. Дегенмен кейбір кемшіліктер де болды. Ол да болса, қаржының кештеу жиналуы, киімдердің тігілуіне уақыттың тығыз болуы. Бірақ, осынша қысқа уақыт ішінде 5 киім тігіліп, ертеңгіліктер өте тартымды өтті деп айтуға болады. Мектептегі қамқоршылық кеңесі мектептің әр түрлі ішкі және сыртқы қоғамдық жұмыстарына да әрқашан араласып, мектеп ұжымымен байланыста болады. Дәстүрлі түрде өткізілетін басқа да мектепішілік іс-шараларға кеңестің қосатын үлесі зор. Бұлардан басқа осы I жартыжылдықта алға қойылып отырған жоспардың бірі стенд орнату. Енді алдағы уақытта осы бойынша жұмыстар жүргізіледі. Демеушілер табу үшін ата-аналар комитетіне өтініш жасалынды. Басқа да біраз жұмыстар жоспарға қойылып отыр. Бәріміз бірге ұйымшылдықпен жұмыс жасасақ, көздеген мақсатқа жетеміз деп ойлаймын. Биылғы жылы әр түрлі санаттағы отбасылардан 2 өтініш қабылданған болатын. Осы санаттағы 2 оқушының барлығы ыстық тамақпен қамтылды. Осы тұрғыда мектеп басшылығымен бірге қамқоршылық кеңесі және ата-аналар комитеті төмендегі оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына, басқа да көмектер алуына жағдай жасадық. Олар: 6-сынып оқушысы Амангелді Ділназ, 3-сынып оқушысы Жұмақан Ділдә, 7-сынып оқушысы Омарбек Лана. 60000 мың теңгеге аз қамтылған, көп балалы отбасы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған, толық емес отбасы балаларына (3 оқушыға) қыстық куртка мен спорттық киімдер берілгендігі туралы айтып өтті. Қайырымдылық акциясының жалғасын табатындығын хабарлады.

Сөйледі:

Мектеп ұстазы Илияш Айжан мектеп ішіндегі атқарылған жұмыстармен танысып, өз пірікін білдірді. Жағдайы төмен, аз қамтылған оқушылар, ата-анасы жоқ, жартылай жетім балаларымызды қорғау барлық мүмкіншілігі бар